



Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 25 қаңтардағы N 103 қаулысына өзгеріс пен толықтыру енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2002 жылғы 30 мамыр N 103а

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Қазақстан Республикасы Мемлекеттік материалдық резервтер жөніндегі агенттігінің республикалық бюджеттік бағдарламаларының 2002 жылға арналған паспорттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 25 қаңтардағы N 103 P020103_ қаулысына мынадай

өзгеріс пен толықтыру енгізілсін:

1-тармақтағы "1, 2, 3 және 4" деген сандар "1, 2, 3, 4 және 5" деген сандармен ауыстырылсын;

осы қаулыға қосымшаға сәйкес 5-қосымшамен толықтырылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2002 жылғы 30 мамырдағы
N 103а қаулысына
1-қосымша

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2002 жылғы 25 қаңтардағы
N 103 қаулысына
5-қосымша

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік материалдық
резервтер жөніндегі агенттігі

2002 жылға арналған
033 "Жұмылдыру резервін қалыптастыру"
Республикалық бюджеттік бағдарламасының
ПАСПОРТЫ

1. Құны: 100 000 мың теңге (жүз миллион теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі: "Мемлекеттік материалдық резерв туралы" 2000 жылғы 27 қарашадағы N 106-II Z000106_ ЗҚР Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабы; "Қазақстан Республикасындағы жұмылдыру дайындығы мен жұмылдыру туралы" 1997 жылғы 16 шілдедегі N 127-1 Z970127_ Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабы; Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 26 шілдедегі N 831-28 қаулысы.

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджет қаржысы.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: соғыс уақытындағы және өзге табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардағы жұмылдыру кезеңінде жұмылдыру резервінің материалдық құндылықтарын қорландыру және қалыптастыру.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: жұмылдыру резерві материалдық құндылықтарының қорлануын және өз мерзімінде толықтырылуын қамтамасыз ету.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары:

N!Бағ.!Кіші!Бағдарла.!Бағдарламаны (кіші бағдарламаны)! Іске ! Жауапты
!дар.!бағ.!малардың !іске асыру жөніндегі іс-шаралар ! асыру !орындаушылар
!лама!дар.!(кіші ! !мерзімі!
!коды!лама!бағдарла. ! !
! !коды!малардың)! ! !
! ! !атауы ! ! !

1! 2! 3! 4 ! 5 ! 6 ! 7

1 033 00 Жұмылдыру Жұмылдыру резервіне материалдық 2002 Қазақстан резервін құндылықтар жеткізуге заңнамада жылғы Республика. қалыптас. белгіленген тәртіппен тапсырыс. 25 сының тыру тар орналастырады. жел. Мемлекеттік Жұмылдыру тапсырмалары бар тоқ. материалдық кәсіпорындармен жұмылдыру санға резервтер резервін қорландыруға заңнамада дейін жөніндегі белгіленген тәртіппен шарттар агенттігі жасасу.

Қазақстан Республикасының
Үкіметі бекіткен 2002 есепті
жылға жұмылдыру жоспарына сәй.
кес жұмылдыру резервінің мате.
риалдық құндылықтарын кезең-
кезеңмен қорландыру.

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: жұмылдыру жоспарына сәйкес Қазақстан Республикасы экономикасының стратегиялық салаларында материалдық құндылықтар мөлшерінің (кезең-кезеңмен) жиынтықталуы. Жұмылдыру кезеңінде Қарулы Күштердің, өзге әскерлер мен әскери құрылымдардың, шаруашылық кешені мен халықтың жедел қажеттерін неғұрлым толық және орнықты қамтамасыз етуге мемлекет экономикасын алдын ала әзірлеу.

Мамандар:

Багарова Ж.А.,
Қасымбеков Б.А.